


# ЖИНАЗ ӨНЕРКӘСІБІ

## 2021 ж. қаңтар - қазан



**49,3**  
МЛРД. ТЕҢГЕ



**111,8%**  
ФКИ

- Моб. для офисов
- Проч. мебель
- Кух. мебель
- Матрацы

**\$4,9** МЛН.




**ЭКСПОРТ**

Импорт 71,9%


ОТӨ 28,1%

**\$358,0**  
МЛН.



**НАРЫҚ**

**\$257,2** МЛН.




**ИМПОРТ**

Нарық, экспорт және импорт бойынша  
2021 ж. қаңтар-қыркүйектегі деректер

## ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС, МЛН. ТЕҢГЕ

Г.АЛМАТЫ	21 366
АКМОЛИНСКАЯ	3015
ПАВЛОДАРСКАЯ	2894
АЛМАТИНСКАЯ	2889
ТҮРКЕСТАНСКАЯ	2768
КАРАГАНДИНСКАЯ	2514
КОСТАНАЙСКАЯ	1992
Г.ШЫМКЕНТ	1981
ЗКО	1981
ВКО	1906
Г.НҮР-СУЛТАН	1746
СКО	1421
АКТЮБИНСКАЯ	1058
ЖАМБЫЛСКАЯ	671
АТЫРАУСКАЯ	500
МАНГИСТАУСКАЯ	429
КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ	137



## 2021 жылғы қаңтар-қазандағы жиһаз өнеркәсібі

**Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-қазанда 49,3 млрд. теңгені құрады**, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен 17,3 млрд. теңгеге жоғары. Сала ФКИ есепті кезеңде едәуір өсті және 111,8% құрады.

ФКИ өсуі саланың барлық секторларында қамтамасыз етілді, тек матрас өндірісінің ФКИ 1,2% төмендеді.

Өндіріс көлемінің ең жоғары өсуі кеңселер мен сауда кәсіпорындарына арналған жиһаз өндірісінде (1,3 есе) және басқа да жиһаз өндірісінде (1,3 есе) байқалады.

2021 жылғы қаңтар-қазанда заттай көріністе отыруға арналған негізінен металл каркасты жиһаз (1,4 есе) және ағаштан жасалған кеңсе жиһазы (1,3 есе) өндірісі көлемінің айтарлықтай өсуі байқалады, бұл, сала ФКИ өсуіне ықпал етті.

Сонымен қатар, ағымдағы жылғы есепті кезеңде асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз өндірісі 22,1%, ас үйге арналған жиһаз өндірісі 10,9%, жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керует пен шкафтарды қоспағанда) өндірісі 8,8% төмендеді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Сонымен қатар, еліміздің жиһаз өнімі көлемінің жартысына жуығы Алматы қ. өндіріледі (43,3%).

Жиһаз өнімдерін **тұтынудың ішкі нарығы** 2021 жылғы қаңтар-қыркүйек қорытындысы бойынша **358,0 млн. АҚШ долл.** құрады (152,0 млрд. теңге), бұл, 2020 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен 110,6 млн. АҚШ долл. жоғары.

Сонымен бірге, ішкі нарықта отандық тауар өндірушілер өнімінің үлесі 1,3 пайыздық тармаққа өсті және 28,1% құрады.

Сонымен қатар, жалпы тұтыну көлемінде импорттық жиһаз өнімінің үлес салмағы 1,3 пайыздық тармаққа төмендеді және 71,9% құрады.

COVID-19 күрес бойынша карантин шараларын жеңілдету жағдайында **отандық компаниялар дағдарыс кезінде ішкі жиһаз нарығының жоғалған үлесін қалпына келтіре бастағандығын атап өтен жөн.**

**Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 1,5 есеге өсті және 4858,4 мың АҚШ долл. құрады**, заттай көріністе сәйкесінше 4,1 есе және 5,9 мың тонна.

Жиһаз өнімі экспорты көлемінің өсуіне ағымдағы жылы отандық жиһаз өнеркәсібі өнімі өндірісі көлемінің ұлғаюы және көрші елдерде жиһаз өніміне сұраныстың артуы ықпал етті.

Сала экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлемді пластмассадан жасалған жиһаз (жалпы экспорт көлемінен 30,4% немесе 1,5 млн. АҚШ долл.), металдан жасалған жиһаз (14,3% немесе 694,7 мың АҚШ

долл.) және басқа да ағаштан жасалған жиһаз (12,5% немесе 609 мың АҚШ долл.) құрайды.

Жиһаз өнімі экспортының негізгі көлемі Өзбекстанға (жалпы экспорт көлемінен 28,9% немесе 1406,3 мың АҚШ долл.), Ресейге (21,8% немесе 1058,8 мың АҚШ долл.), Қырғызстанға (20,6% немесе 1001,0 мың АҚШ долл.), Арменияға (7,3% немесе 356,5 мың АҚШ долл.) және Тәжікстанға (6,9% немесе 333,6 мың АҚШ долл.) жіберілді.

**Жиһаз өнімі импортының көлемі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте** ақшалай көріністе 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 42,0% өсті және 257,2 млн. АҚШ долл. құрады, ал, заттай көріністе сәйкесінше 36,3% және 98,6 мың т, бұл, еліміздің жиһаз нарығында бәсекелестіктің әрі қарай өсуіне алып келуі мүмкін.

Жиһаз саласының негізгі импортталатын өнімдері: басқа да ағаштан жасалған жиһаз (66,7 млн. АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінің 25,9%), ағаштан жасалған жиһаз (35,6 млн. АҚШ долл. немесе 13,8%), отыруға арналған ағаш қаркасты қапталған жиһаз (26,7 млн. АҚШ долл. немесе 10,4%), металл жиһаз (20,9 млн. АҚШ долл. немесе 8,1%), металл, ағаш, басқа да материалдардан жасалған жиһаз бөлшектері (16,6 млн. АҚШ долл. немесе 6,4%).

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (123,2 млн. АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінің 47,9%), Түркиядан (32,0 млн. АҚШ долл. немесе 12,5%), Беларусиядан (29,2 млн. АҚШ долл. немесе 11,3%), Қытайдан (22,2 млн. АҚШ долл. немесе 8,6%) және Италиядан (14,0 млн. АҚШ долл. немесе 5,5%) келіп түседі.

Талдау жиһаз импортының көлемі Қазақстанда әлі де жоғары деңгейде екендігін көрсетті. **2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте жиһаз импортының көлемі оның экспорт көлемінен 53 есеге артық.**